


**«ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ»**
тақырыбындағы жас ғалымдарға арналған

«АҚЫНЖАНОВ ОҚУЛАРЫ – 2008»
ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ



АЛМАТЫ – 2008

МАЗМҰНЫ

ББК 63.4

А 38

Баспаға Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология Институтының
Ғылыми Кеңесі ұсынды

Жауапты редакторы: **т.ғ.к. А.З. Бейсенов**

Редакциялық алқа мүшелері: **А.Е. Қасеналин (жауапты хатшы);**
Т.Б. Мамиров;
Ж.Р. Утубаев;
Қ.У. Майгельдинов

Пікір жазған: **т.ғ.к. А.М. Досымбаева**

А 38

«Ақынжанов оқулары - 2008». Жас ғалымдарға арналған ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы, 2008. - 188 бет.

Ғылыми жинақта «Қазақстан археологиясының өзекті мәселелері жас ғалымдардың зерттеулерінде» тақырыбындағы жас ғалымдарға арналған «Ақынжанов оқулары - 2008» атты конференцияға қатысушылардың баяндамалары топтастырылған.

Жинақ студенттерге, магистранттарға, аспиранттарға және Қазақстанның көне тарихына қызығушы жалпы қауымға арналған.

«Ахинжановские чтения - 2008». Материалы научной конференций молодых ученых. – Алматы, 2008. - 188 с.

В научный сборник включены доклады научной конференции молодых ученых «Ахинжановские чтения - 2008» прошедшей по теме: «Актуальные проблемы археологии Казахстана в исследованиях молодых ученых».

Адресован студентам, магистрантам, аспирантам и всем интересующимся проблемами древней и средневековой истории Казахстана.

ББК 63.4

ISBN 9965-32-507-3

© Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология Институты, 2008.

© “Инжу - Маржан” полиграфия фирмасы, 2008

Бейсенов А.З. ТЕРЕҢ БІЛІМ, БИІК ТАЛАП, КЕЛЕЛІ МАҚСАТ – АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНА.....	6
Досымбаева А.М. ТАЛАНТ СЕРЖАНА МУСАТАЕВИЧА АХИНЖАНОВА.....	7
Сәкенов С.Қ. С.М.АҚЫНЖАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР.....	9
Абраимова М.К. ДРЕВНИЙ АСТРОНОМИЧЕСКИЙ КОМПЛЕКС АК-БАУР.....	12
Адилова К.А. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАЛҒАР ҚАЛАСЫ.....	16
Азнабакиева М.А. ЖЕТІСУ – ТАРИХИ ӨЛКЕ.....	20
Алмасәев А.Қ. ШУ ӨҢІРІНДЕ ОРНАЛАСҚАН ЖАЙСАН ҒИБАДАТХАНАСЫНДАҒЫ ТҮРІК ЕСКЕРТКІШТЕРІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ.....	23
Андасова И.М. КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ ДІНИ ҒҰРЫПТАРЫ НЕГІЗІНДЕГІ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР.....	27
Антропова А.А. ХАРАКТЕРИСТИКА КОЛЕСНОГО ТРАНСПОРТА У АНДРОНОВЦЕВ ПОДАНЫМ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ.....	30
Ауашева Қ. Е. ТУРИЗМ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР.....	33
Аяжанов А. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ МОГИЛЬНИКА БЕРЕЛЬ....	36
Әбу А.Ж. ЖЕТІСУДАҒЫ ОҒЫЗ ҚАЛАЛАРЫ.....	39
Бесетаев Б. ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ МЕН ӨНЕРІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ БЕЙНЕСІ.....	44
Бидагулов Н.Т., Уразов А.А., Успанова Г.Е. САРЫТАУ ІІ БЕЙІТІНІҢ ЖАҢА МАТЕРИАЛДАРЫ.....	48
Бөгенбаев Н.Б. ЖАЙСАН ҒИБАДАТХАНАСЫНДАҒЫ 2007 ЖЫЛҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	51
Вырахманова А.С. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР.....	55
Дауенов Е.Н. АҚКӨЛ-ЖАЙЫЛМА ӨҢІРІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР.....	60
Елеуов Е.А. АСАНАС ҚАЛАСЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	64

вып. VI. 1940.

Бернштам А.Н. Памятники старины Алма-Атинской области // Известия АН КазССР. Сер. Археологическая. вып. I. 1948.

Гумилев Л.Н. Көне түркілер. Алматы: Білім, 1994.

Зуев Ю.А. Китайские известия о Суябе // Изв. АН Каз ССР. Серия ист, архелог. и этног. -1960. Вып. 3(14).

Кляшторный С.Г. Хунны и тюрки // В кн.: Восточный Туркестан в древности и средневековье: Этнос, языки, религии. М.: Наука Глав. ред. вост. лит., 1992.

Қазақстан тарихы. Том 1. Алматы, 1996.

Қашғари М. Түрік сөздігі. Том 1. Алматы, 1997.

Ноғайбаева М., Түркі-Қытай мәдени байланыстарына жаңа көзқарас // Алаш. Тарихи, этнологиялық ғылыми журнал. №6. 2007.

Путешествие в Восточные страны Платона Карпини и Гильома Рубрука. Алматы, Ғылым, 1993.

Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. Москва, 1962.

Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. Алматы, 2002.

Шәлекенов У.Х. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. Алматы, 2006.

Ғылыми жетекшісі т.ғ.к. З.С.Самашев

Б.Бесетаев

Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология Институты

ЕРТЕ КӨШПЕЛІЛЕРДІНИ ДҮНИЕТАНЫМЫ МЕН ӨНЕРІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ БЕЙНЕСІ

Соңғы қола мен ерте темір дәуірінің айырымында, яғни б.з.б. I мыңжылдықтың басында Еуразияның далалық аймақтарында тарих сахнасында жаңа мәдени-әлеуметтік көшпелі қоғам пайда болды. Көшпеліліктің негізгі белгісі - далалық аймақтарда көшіп-қону. Сондықтан да, көшпелілер өмірінде негізгі көлік міндетін атқарып, қақтығыстарда басымдылықты айқындататын жылқының орны ерекше. Әрине, жылқы бейнесі де өзінше бір күрделі түсініктің нышандарын береді. Еуразия даласында жылқының антропоморфты

бейнеленуі кең тараған. Осыдан ерте көшпелілердің идеологиялық түсініктерінің жақын екенін аңғаруға болады. Өнерде жылқы бейнесінің семантикасын айқындау үшін сақтардың мифологиясы мен космогониясындағы жылқының алатын орнын анықтау қажет.

Ерте көшпелілердегі жылқының ролі туралы мәліметтер алғаш рет антикалық деректерден белгілі. Оның ішінде б.з.б. V ғ. Геродоттың скифтердің шығу тегі туралы этногенетикалық аңызында өзен құдайы Борисфена Гераклдың аттарын көрсетпей тығып қойғаны айтылады. Бұдан біз ерте көшпелілердің өзен-анамен байланысын көреміз. Сонымен қатар, Геродот скифтердің жеті құдайы - Гестия-Табити, Зевс-Папай, Гея-Апи, Апполон-Гойтосира, Афродита-Аргимпаспы, Геракл, әсіресе, Арестің мейрамдарында құрбандыққа көбінесе жылқы шалынатынын жазған. Патша қайтыс болғанда жылқыны құрбандыққа шалу және мәйітпен бірге қою ерекше орын алады. Ал патшаны бір жылдан соң еске алу кезінде тағы елу жылқыны құрбан етеді.

Ал сақтар мен басқа да Орта Азиялық тайпаларға байланысты жазба деректер жоқтың қасы. Геродоттың массагеттер туралы жазбаларында: "Олардың табынатын құдайлары біреу ғана, ол күн. Күнге олар ең жүйрік тіршілік иесін құрбандыққа шалады" делінеді

Қазіргі кездегі жылқыны құрметтеу дәстүрі сонау ерте көшпелілерден бастау алады. Көшпелі қоғамының әр кезеңінде мал шаруашылығы үлкен рөл атқарды. Тіршілікке қажетті заттардың барлығын малдан өндіріп алатындықтан, олардың байлықтары мал басымен, оның ішінде жылқы басымен есептелген. Сақтардың дүниетанымын, бейнелеу өнері мен салт-дәстүрлерін де малмен байланыстырамыз (Самашев З.С., 2005, с. 44-78).

И.Е.Никонов: «Жылқы көшпелілерде киелі жануар болып саналған. Сондықтан, сақтар жылқының суретін қолөнер бұйымдарында бейнелеген. Чертомлык обасынан табылған алтын жалатқан күміс құмырада жайылып жүрген жылқылар, сол сияқты, асау аттың мойнына құрық салып, арқан тартқан үш сақ бейнесі ойылып түсірілген. Ол сюжетке қосымша атты тізесіне бүктіріп жаттықтырушы сақтардың да суреті берілген»- дейді.

Сақ-скифтердің бейнелеу өнерінде жылқымен байланысқан бірнеше композициялар бар. Жылқы, жылқының басын, жылқының тұяғын біз Амудария, Катанды, Сағлы-Бажы, Берел ескерткіштеріндегі белдіктің әшекейі мен аттың әбзелдерінде, бас киімінде т.б. заттарда

кездестіреміз. Савроматтардың өнерінде көбінесе жылқының басы, тұяғы белдік пен ат әбзелдің әшекейлерін көркемдеуде қолданылады. Осындай әшекейлердің элементі скифияда кең тараған. Мысалы Аржан-2 қорымынан адамның бас киімінің әшекейі ретінде жатқан жылқының көрінісін берген (Грязнов М.П., 1977, с. 38-40).

Жоғарыда келтірілген деректен ерте көшпелілердің мәдениетінің басқа да территорияларға тарап, мәдени ұқсастықтардың пайда болып отырғандығын байқаймыз. Сонымен бірге, ертеден жылқыны дәріптеп, күнге құрбандық ретінде шалып отырған. Бұл жазбаларға дәлел ретінде Берелдегі он үш жылқының жирен (күн түсті) болуын, бұдан күн культінің көрінісі байқалатынын айтуға болады (Самашев З.С., 2000, с. 2-7).

Аттар Алтайдағы сақ-скиф дәуірінде, жерлеу ғұрпында тұрақты көрініс сипатында болған. Оған дәлел, Алтайдағы осы дәуірдің зерттелген барлық обаларынан аттардың мүрделері табылды (Васильев С.К., 2000, с.237-242; Витт В.О., 1952, с.163-205, Косинцев П.А., Самашев З.С., 2003, с.117-118).

Жылқыны құрбандыққа шалу үрдісі Оңтүстік-Батыс Алтайда байқалады. Мұнда аттың бас сүйегін темір шотпен (чекан) ұрып, адаммен бірге жерлеген. Бұған дәлел Берелдегі табылған аттардың бас сүйектерінде темір шоттың ізі. Бұл үрдіс өзінше бір күрделі және діни көзқарас сипатын алады. Лабораториялық-тәжірибелік ғылыми зерттеудің нәтижесіне қарағанда, шотпен ұру әдісінде аттың қаны ішінде қалып қояды. Қан өмірдің көзі екені бәрімізге белгілі. Көшпелілердің түсінігінде атты толықтай, яғни қанын төкпей құрбандыққа шалуы, сол кездегі күнге деген сенімнің берік болғанын көреміз.

Жылқы малының қазақ дүниетанымында да алатын орны ерекше. Оны біз жыр-аңыз, ертегілерден-ақ көруімізге болады. Бұл орайда жылқы малын тіршілік тынысының бір тірегі еткен әрісі ерте көшпелілердің, берісі қазақ халқының да жылқы түлігі туралы ғасырлар сынынан өткен өзіндік талғам-танымы бар. Ақанның Құлагерін шаппай танитын атбегі Күреңбайдың көрегендігі таң қалдырады. Тіптен, «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» сынды өлеңді дүниеге келтірген Абайдың, «Құлагерді» жазған Ілиястың да талғампаз сыншы болғаны күмән тудырмайды. Сондықтан да, жылқы малы «төрт түліктің патшасы» деп аталуы бекер емес. Дәлел ретінде қазақ

дүниетанымында көптеген наным-сенімдер, салт-дәстүрлер жылқымен байланысты. Қазақ халқында ас беру дәстүрі жақсы сақталған. Адам қайтыс болғаннан кейін жыл өткен соң, адамды құрметтеп о дүниеге шығарып салады. Ал сол адамның тұлданған атының жал-құйрыған күзеп жібереді. Тұлданған аттың күзелуі соғым малын күзеуге ұқсас. Айырмашылығы, тұлданған аттың кекілін жоғары көтеріп, төбесіне мықтап түйеді де, ұшын бірлестіре шырпиды. Тұлданған аттың үстіне адам отырмайды. Жылқыны қадірлеу адам баласы дүниеге келгеннен-ақ басталады. Анасы баласын дүниеге әкелуін жеңілдету мақсатымен жылқыны үйге кіргізіп, ананың кеудесін иіскетеді. Сонда анасы жеңіл, әрі тез босанады. Одан кейін, ауру адамды емдеуде бақсылар дұғаларын оқып, көк (ақ) жылқыны шақырады, жылқы келіп аурудың басын иіскеп кетеді екен (Токтабай А.У., 2004, с.4-5).

Міне, осы келтірілген деректерден жылқының ерте көшпелілер дүниетанымында алатын орнын көруге болады. Бұл деректер, әрине, жеткіліксіз. Жылқыны сақ-скифтердің дәріптеуі Бактрия мен ежелгі ахеменидтік Иран жерінде де кездеседі. Бұл жағдайдан ирандықтар мен сақтардың этно-мәдени байланысын көруге болады. Үнділер мен ирандықтарда жылқымен байланысты мифологиялық түсініктердің ұқсас екенін жылқылардың атауларынан, поэтикада қолданылатын эпитеттер мен салыстырулардан, мифологиясы мен космогониясының негізгі түсініктерінен аңғаруға болады (Кузьмина Е.Е., 2002, с.37-45).

Қорытындылай келе айтарымыз, жылқы ерте көшпелілер өмірінде маңызды орынды алды. Қазіргі кездегі жылқыны құрметтеу, дәріптеу тарих сахнасына ерте көшпелілердің келуімен тығыз байланысты. Ертедегі мәдениетіміздің қалдықтары тарих сахнасында өз құнын жоғалтпас деп ойлаймын.

Ғылыми жетекшісі т.ғ.к. З.С. Самашев

Әдебиет

Васильев С.К. Лошади из погребений скифского времени Горного Алтая // Феномен алтайских мумий. Новосибирск, 2000.

Витт В.О. Лошади Пазырыкских курганов // Советская археология. М.-П., 1952. № XVI.

Грязнов М.П. Аржан: культура скифо-сибирского типа // Курьер, скифы, Москва, 1977.

Горбунов А.П., Самашев З.С., Северский Э.В. Сокровища мерзлых курганов Казахского Алтая. Алматы, 2005.

Завитухина М.П. Пазырык - древняя самобытная культура алтайских кочевников // Курьер, скифы, Москва, 1977

Кашкинбаев К., Самашев З. Лошади древних кочевников Казахского Алтая. Алматы, 2005.

Кузьмина Е.Е. Мифология искусство скифов и бактрийцев. М., 2002.

Самашев З.С., Косинцев П.А. Лошади в скифо-сакское время. Материалы Международной конференции. Астана, 2007.

Самашев З., Базарбаева Г., Жумабекова Г., Сунгатай С. Берельские курганы // Күмбез, Алматы, 2000.

Самашев З.С. Косинцев П.А. Лошади из могильников скифского времени Казахского Алтая // Международное (XVI Уральское) археологическое совещание. Пермь, 2003.

Токтабай А.У. Культ коня у казахов. Алматы, 2004.

Н.Т.Бидагулов, А.А.Уразов, Г.Е.Успанова

Ақтөбе облыстық мәдениет басқармасының тарих, этнография және археология жөніндегі орталығы

САРЫТАУ II ЗИРАТЫНЫҢ ЖАҢА МАТЕРИАЛДАРЫ

Ақтөбе облыстық тарих, этнография және археология орталығы мен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Мемлекеттік Университеті бірлескен археологиялық экспедициясымен 2007 жылғы далалық маусымда Сарытау II бейітінде қазба жұмыстары жүргізді. Зират Ақтөбе облысы Хромтау ауданының аумағындағы Жайлаусай ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 5 шақырым жерде, аттас өзеннің оң жағалауындағы жайпақ төбеде орналасқан. Бұл аумақта алғашқы зерттеулерді Сарытау I қорымында С.Ю.Гуцаловтың басшылығымен 1993 жылғы археологиялық экспедиция жүргізді (Гуцалов С.Ю., 1993, с.5-25).

Сарытау II қорымы 1 тас, 4 топырақ және тас пен топырақ аралас обалар мен үш ғұрыптық құрылыстардан («ғибадатхана») тұрады. Бұл ғұрыптық құрылыстардың екеуі шаршы пішіндес топырақ үймесі (вал) болса, үшінші нысан қорымның орта тұсында 78 метр ұзындыққа батыстан шығысқа қарай созылған күрделі құрылыс. Объектілер төбе

баурайының шетімен солтүстік шығыс – оңтүстік батыс бойымен тізбектеле орналасқан. Осылардың ішінен үш нысан (№ 2,3,6) қазылды.

№2 нысан («ғибадатхана») кіре берісі оңтүстікке бағытталған, үйменің қос босағасының аралығындағы ойпаң жолдан байқауға болады. Үйменің ені 30 м ұзындығы 34 м, ең биік тұсы 0,4 м қалыңдығы 3 м. Қазба жұмыстарын ғибадатхананың ауызғы бөлігінде жүргізу көзделіп, сол себепті мөлшері 2x2 м, жарының қалыңдығы 0,4 м шаршылар түсірілді.

Шаршылар тазартылғаннан кейін ғибадатхананың оңтүстік-батыс бұрышынан төртбұрышты қабір шұңқыры байқалды, оның ұзын қабырғалары солтүстіктен оңтүстікке бағытталған, мөлшері 1,35x2,75 м терендігі 1,8 м. Қабір өз дәуірінде тоналған. Адам сүйектері қабір түбінде шашыраңқы жатты, жасанды түрде өзгеріске түскен (деформированный) бас сүйегі аяқ тұсында орналасқан.

Жерлеудің заттай материалдары келесі бұйымдар:

1. Қола қоңыраулар, екі дана – қабір шұңқырының оңтүстік-батыс бұрышында;
2. Балшықтан жасалған хош иіс шығаратын ыдыс – қабір шұңқырының оңтүстік-батыс бұрышында.
3. Ағаш тарак – оң жақ иығының тұсында;
4. Алтын жапсырмалар (3 дана) – қабырға сүйектерінің үстінде;
5. Алтын сырға.

№3 оба. Қорымның орталық бөлігінде орналасқан. Қозғалмаған күйдегі пішіні диаметрі 12 м, биіктігі 0,4 м. бетіне тастары шығып жатқан топырақ үйіндісі болып келеді. Обаның топырақ жамылғысы аршылғаннан кейін тас құрылысы көрініс берді. Оның құрылысы шеңберлене қаланып қойылған сыртқы тас қоршау мен қабір шұңқырының жабуын қоршай тігінен қазылып қойылған тақта тастардан тұрды. Осы құрылыстың астынан қабір шұңқыры анықталды. Қабірдің контуры материктен биіктігі 0,4 м шығыңқы тақта тастармен қоршалған, жалпы мөлшері 2,3x1,0 м. Ұзын қабырғаларымен батыстан шығысқа қарай бағытталған. Қабір шұңқырын қоршай қойылған тақта тастар оның түбіне дейін жарын қоршай орнатылғаны анықталды. Қабірде ағаш табыттың ішіне қару жарағымен жауынгер жерленген. Сүйек аяқ-қолы созылған күйінде шалқасынан қойылып, басы батысқа бағытталған.

Жерлеудің заттай материалдары келесі бұйымдар: